21455390950

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 шілде № 5165-24-00-2/1418 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 16 ақпанында талап қоюшы мен жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында №24/233 санды жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 163 912 теңгеге жасалған.

Шарт талаптары бойынша жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылы 17 наурызға дейін (екі жақты скотч) тауарды жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Алайда Жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тауарды Шартта белгіленген мерзімде жеткізбеген.

2024 жылдың 6 ақпанында талап қоюшы мен жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич арасында №24/141 санды жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 2 379 999 теңгеге жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1385

Шарт талаптары бойынша жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич 30 жұмыс күн ішінде, яғни 2024 жылы 20 наурызға дейін Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды, Ұялы байланысты күшейткіш қайталағыштарды орнату бойынша жұмысты орындауға міндеттеме алған.

Алайда Жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич жұмысты Шартта белгіленген мерзімде орындаған жоқ.

Талап қоюшы сотқа осы Шарттар бойынша жауапкерлер міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап сотқа талап қоюмен жүгінген.

Жауапкерлерден талаптың негізсіздігі туралы қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі А.Даутов, жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шарт боынша тауарды толық жеткізді, тауар қабылданды, кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыппұл төлегенін, ал екінші жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич Шарт бойынша жұмысты орындаған жоқ екенін, онымен Шарт бір жақты бұзылғанын көрсетіп, ісі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкерлер сотқа келмеді. Істі өздерінің қатысуынсыз немесе (бейне байланыс арқылы) қашықтықтан қатыса отырып қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4, 6-бөліктерінің талаптарына сай сот істі келмеген жауапкерлердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рустем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1385

қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған талап қоюмен Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2024 жылы 9 сәуірінде өз мерзімінде жүгінген.

Сотта анықталғаны талап қоюшымен жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шарт бойынша екі жақты электронды қол қойыған 2024 жылы 15 мамырдағы №240243/00/2 санды тауарды қабылап алу-беру актісіне сәйкес тауарды жеткізген. Шартта көзделген міндеттемелер толық орындалған. Бұл мән-жайлар веб-портал арқылы екі тараптың электрондық веб-порталмен түзілген тауарды қабылдап беру актісімен расталады.

Демек, Шарт талаптары толық орындалуына байланысты, орын алған кемшіліктерді жауапкердің кешіктіріп орындауы талап қоюшы үшін жағымсыз салдар туындатпайтындықтан, сот талап қоюшының жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырудан бас тартуға жатады деген қорытындыға келеді.

Ал жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич Шарт бойынша жұмыстарды осы күнге дейін орындаған жоқ.

Шарттың 6.1 тармағына сәйкес, Жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич осы күнге дейін 2024 жылдың 6 ақпандағы №24/141 санды жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты Шарт бойынша өз міндетіне алған қызметті толығымен орындамаған. 2024 жылы 03 мамырда Шарт электронды портал арқылы бір жақты бұзылған.

Талап сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берілген.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Жоғарыдағылардың негізінде сот талап қоюшының жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағатандырылуға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік Кодексінің (бұдан әрі - АПК) 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рустем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1385

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

АПК-нің 117 - бабының 1-бөлігіне сай жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевичтен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Техсвязь» Бондарев Константин Николаевичтен мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мелмекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Мирас Гранд Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024

5165-24-3-1/1385